



Автор: Туребекова Молдир Жантаевна

Пән: Қазақстан тарихы

Сынып: 6-сынып

Бөлім: XIII – XV ғасырдың I жартысындағы Қазақстан

Тақырып: Ақ Орда

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	6.3.2.5 – тарихи оқиғалардың өзара байланысын анықтап, Қазақстан аумағында XIII – XV ғасырларда құрылған мемлекеттердің сыртқы саясатын түсіндіру
Сабақтың мақсаты:	6.3.2.5 – тарихи оқиғалардың өзара байланысын анықтап, Қазақстан аумағында XIII – XV ғасырларда құрылған мемлекеттердің сыртқы саясатын түсіндіру
Тілдік мақсаттар:	Ақ Орда
Бағалау критерийлері:	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.
Пәнаралық байланыс:	Музыка, қазақ тілі.
Бастапқы білім:	Қазақстан территориясында ұлыстардың құрылуы

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (15 мин)	Ұйымдастыру кезеңі 2 минут Топтарға бөлу. Білу және түсіну Берілген мәтіндерді балалар оқып алады. Ақ Орда - Алтын Орданың шығысындағы протоқазақтық ұлыс, кейіннен тәуелсіз мемлекет. Мемлекет 14-15 ғасырларда Орта Азия мен Қазақстан моңғол шапқыншылығы зардабынан арыла бастады. Әлеуметтік-экономикалық жағдайлар түзеле бастады. Көптеген ұлыстар мен елдер тәуелсіз бола бастады. Осындай тәуелсіздікке ие болған мемлекеттердің бірі - Ақ Орда. Оның шекарасы Жайық өзенінен Ертіске, Батыс Сібір ойпатынан Сырдың орта шеніне дейін созылып жатты. Ақ Орданың астанасы - Сырдария өзенінің орта ағысы бойында орналасқан Сығанақ қаласы. Ақ Орданың халқы - қыпшақтар, Алтайдан осында қоныс аударған наймандар, қоңыраттар, керейттер, үйсіндер, қарлұқтар Ақ Орда хандары - Орда-Ежен, Сартақ, Баян, Сасы Бұқа хан, Ерзен, Мүбәрәк Қожа хан, Шымтай хан, Ұрыс хан, Құйыршық хан, Барақ, Керей, Жәнібек, ж.т.б. Күшейген кезі Ақ Орданың күшейген кезі 14 ғ. 2 жартысы. 1361 ж. Ақ Орданың билеушісі болған Ұрыс хан өз жағдайын біраз күшейтіп, енді Алтын Орда тағын иемденуге күш салды. Сөйтіп, 1374-1375 жж. Еділ бойымен жорыққа шыққан ол Сарайды өзіне қаратып, Хажы-Тарханды (Астраханды) қоршауға алды. Кама бұлғарларының жерін бағындырды. Бірақ Ұрыс ханның үстемдігі ұзаққа созылмай, келесі жылы ол Еділ бойынан кетіп, Алтын Ордадағы билікті Мамайға беруге мәжбүр болды. 1377 ж. Ұрыс хан қайтыс болды. Ақ Орда иелігі Ұрыс ханның баласы Темір Мәлікке көшті. Бірақ осы кезде Маңғыстау үстіртінің билеушісі - Жошы әулеті Түй хожа оғланның баласы Тоқтамыс Орта Азия әміршісі Ақсақ Темірге сүйеніп, Темір Мәліктің әскерін талқандайды. Өзін 1379 жылы Ақ Орда ханы етіп жариялайды. Ақ Орда әмірлерінің қолдауына ие болған ол, 1380 жылы Сарайды, Қажытарханды, Қырымды және Мамай Ордасын басып алды. Тоқтамыстың бұл табысы орыс жеріне басып кірген Алтын Орда ханы Мамайдың 1380 ж. Куликово даласында орыс әскерлерінен жеңілуі себебінен мүмкін болды. Тоқтамыс мұнымен тоқтаған жоқ. Атап айтқанда, Тоқтамыс Ақсақ Темірдің қамқорынан босануға тырысады. Бірақ, 1380, 1391, 1395 жж. Ақсақ Темірдің Тоқтамысқа қарсы жасаған аса үлкен үш жорығынан кейін Алтын Орда тас-талқан болып қирайды. Темірдің басқыншылық соғыстарының нәтижесінде және ішкі талас-тартыстан 14 ғ. соңы мен 15 ғ. бас кезінде Ақ Орда да әлсіреп қалады. «Жариялау» әдісі (Әрбір топ берілген сұрақ бойынша өз позициясын жариялау керек. Бұл үшін топ ішінен спикер берілген уақыт ішінде (5 мину) басқа қатысушылар алдында сөйлеп, топ ұстанымын жеткізеді.)	Оқулық, мәтіндер.
Сабақтың ортасы (10 мин)	Қолдану Оқулықтағы тапсырмаларды орындау Зерттеу сұрағы: Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуындағы Ақ Орданың рөлі қандай болды? Талдау «Ыстық орындық» орындық әдісі (Бір оқушы алдыңғы жақта, орындықтар оны айнала қоршай орналастырылады. Жаттығудың сипаттамасы: Бір оқушы алға шығып өз пікірін айтып және тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақты анағұрлым мазмұнды қылу үшін, оқушылар белгілі бір пікір бойынша бірлесіп алға шығып сөйлей алады.	
Сабақтың соңы (10 минут)	Тарихи диктант Керек сөздер: Қазақстан, Жошы, 1209, Орда Ежен, Монғол шапқыншылығынан, Сығанақ, Жошы, Орда Ежен, Шайбан, 1360 (60), Сарайда, төрт, Ұрыс хан Ақ Орда, Жайық, Батыс Сібір, орта, ХІҮ, Алтын Ордадан, 1375, Суяб, Әмір. Тарихи диктант (оқулықпен жұмыс) Ақ Орда - аумағында кейінгі құрылған алғашқы мемлекет. Орталығы өзенінің орта ағысы бойына орналасқан қаласы болды. Ақ Орданың аумағы ханның екі баласы мен хандардың жерін қамтыды. Ақ Орда өзенінен ойпатына дейінгі, Сырдарияның және ағысы аралығындағы кең-байтақ аумақты алып жатты. ғасырдың екінші ширегінен бастап Ақ Орда біржола бөліне бастайды. жылдардың өзінде мемлекеттің астанасы бір жылдың ішінде хан ауысады. Осы талас-тартысты дер кезінде пайдаланған Орда Еженнің ұрпағы хан билігін өз қолына алып, мемлекеттің күш-қуатын нығайтады.	

Рефлексия (5 мин)	Бағалау парақшасы Дұрыс жауапқа 5 балл. Оқушының аты-жөні Ақиқат/жалған Постер қорғау «Ыстық орындық» орындық әдісі Тарихи диктант Балл «Рефлексиялық шеңбер» Оқушылар шеңберге тұрып, төмендегі сұрақтарға жауап береді. Сабақ барысында көңіл-күйіңіз қандай болды? Неліктен? Бүгін не білдіңіз? Сіз үшін не жаңалық болды? Сабаққа қатысуыңызды қалай бағалайсыз? Сабақта қандай қиындықтар туындады? Сабақ аяқталғанда көңіл-күйіңіз қандай? Неліктен?	Рефлексиялық шеңбер
----------------------	--	---------------------